

**Хромтау аудандық Қоғамдық кеңес отырысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

28 наурыз 2024 жыл
16:00

Хромтау қаласы
Хромтау ауданы әкімдігінің
мәжіліс залы

Төрағалық еткен: аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы –
Ашабаев Болат Бұзаубайұлы.

Б.Ашабаев – қоғамдық кеңестің төрағасы жиналысты ашып, күн тәртібімен таныстырды.

Қатысқандар: аудандық қоғамдық кеңестің тұрақты мүшелері, аудандық мәслихат хатшысы Болатов Эльмұрат Болатұлы, аудан әкімі аппараты басшысы Мунлыков Алмаз Талғатұлы, мемлекеттік орган басшылары, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы Шманов Мейірхан Асқарұлы, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру құрылымдық бөлімшесінің бас маманы Бошанова Жеңісгүл Нұрланқызы.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының 2023 жылы атқарған жұмыстары және мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы проблемалық мәселелер бойынша;
2. 2023 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік көрсетілген қызметтер туралы;

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы Шманов Мейірхан Асқарұлы атқарылып жатырған жұмыстары туралы ақпарат берді.

Қосымша баяндама жасау үшін аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру құрылымдық бөлімшесінің бас маманы Бошанова Жеңісгүл Нұрланқызы күн тәртібіндегі сұрақ бойынша ақпараты **ТЫҢДАЛДЫ** (баяндама қоса тігіледі).

Төрағасы келесі сөз сөйлеушілерге кезек берді.

Аудандық қоғамдық кеңестің мүшелерімен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру мәселесі бойынша тағы да басқа мәселелері бойынша көкейтесті сұрақтар қойылып, тұшымды жауаптар тыңдалды.

Б.Ашабаев, қоғамдық кеңестің мүшелерінің осы отырыста айтылған пікірлер мен ұсыныстарды ескере отырып, Заңға сәйкес шешім шығару үшін дауысқа салды. Кеңес мүшелері бір дауыстан қолдау білдірді.

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 3 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 бабы 3 тармағының негізінде:

1) аудандық қоғамдық кеңесі мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бағытында жұмыстарды, іс-шараларды одан әрі жандандырып, әрі қарай мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын жақсарту мақсатында ұсыныстар енгізілгендігі туралы қарар **ҚАБЫЛДАДЫ**.

1. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасын қатаң түрде сақтау;
2. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты мамандардың мемлекеттік қызмет көрсету процесіне тартылған компьютерлік парк пен жабдықтарын жаңарту;
3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Қағидасына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы уақытылы бақылап, қадағалау;
4. Аудан бойынша электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесін арттыру үшін әрбір мемлекеттік мекемелерде, ауылдық округ әкімдіктерінде ғаламтор желісіне қосылған өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының жүйелі түрде жұмыс жасауын қадағалау;
5. Тоқсан сайын әлеуметтік желілерге, БАҚ-ында «электронды үкіметінің веб-порталы» арқылы қызмет алудың іс-әрекеттер тәртібі туралы мақала, посттар жариялау. Ұжым арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Б.Ашабаев жиынға қатысушылардан басқа сұрақ бар-жоғын сұрады. Сұрақ жоқ. Аудандық қоғамдық кеңестің отырысын жабық деп жариялады.

Қоғамдық кеңестің төрағасы



Б.Ашабаев

Аудандық Қоғамдық кеңес отырысының ЖҮРГІЗІЛУ ТӘРТІБІ

Өтетін уақыты: 28 наурыз, сағат 11:00.

Өтетін орны: Хромтау ауданы әкімдігінің мәжіліс залы

Шақырылғандар: Хромтау ауданының қоғамдық кеңес мүшелері, аудандық маслихат хатшысы Болатов Эльмурат Болатұлы, мемлекеттік органдардың басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері (тізім бойынша)

Қоғамдық кеңестің төрағасы: Болат Бұзаубайұлы Ашабаев.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері,

Кеңеске қатысушылар!

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 2-бабына сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына қоғамдық бақылау жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында бүгін Хромтау ауданының Қоғамдық кеңесінің кеңейтілген кезекті отырысын өткізгелі отырмыз. Отырысқа кеңес мүшелері, мемлекеттік органдардың басшылары, аудандық маслихат төрағасы, аудандық маслихат хатшысы, аудан әкімі, аппарат басшысы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып отыр.

Бүгінгі Қоғамдық кеңесінің кеңейтілген отырысының күн тәртібі:

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының 2023 жылы атқарған жұмыстары және мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы проблемалық мәселелер бойынша.

Баяндамашы: Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы Шманов Мейірхан Асқарұлы. (Зум бағдарламасы арқылы қосылып отыр)

Қосымша баяндамашы:

2023 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік көрсетілген қызметтер туралы.

Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру құрылымдық бөлімшесінің бас маманы Бошанова Жеңісгүл Нұрланқызы.

Күн тәртібі бойынша қарсылық жоқ па?

Қарсылық жоқ болса, күн тәртібі бекітілді.

Кеңес отырысын тиімді өткізу үшін төмендегідей регламент ұсынылады:

- баяндамашыларға -15 минутқа дейін,

- шығып сөйлеушілерге 5-7 минутқа дейін.

Отырысты 1 сағат көлемінде тиімді өткізу туралы ұсыныс бар.

Осы ұсынылып отырған регламентпен келісеміз бе?

Қарсы? Қалыс? Жоқ?

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының 2023 жылы атқарған жұмыстары және мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы проблемалық мәселелер бойынша» баяндау үшін сөз Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы Шманов Мейірхан Асқарұлына беріледі.

- М.Шмановтың баяндамасы

Төраға:

Қосымша баяндама жасау үшін «2023 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік көрсетілген қызметтер туралы» баяндау үшін сөз Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру құрылымдық бөлімшесінің бас маманы Бошанова Жеңісгүл Нұрланқызына беріледі.

- Ж.Бошанованың баяндамасы

Сөз аудан әкімі аппаратының басшысы Мунлыков Алмаз Талғатұлына беріледі.

Төраға:

Баяндама аяқталды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

Төраға:

Сұрақтарыңыз болмаса, пікір алмасуға көшейік. Кеңес мүшелерінің қандай ұсыныс-пікірлері бар?

Қоғамдық кеңестің төрағасы: Б. Ашабаев өз кезегінде

Мемлекеттік қызметкерлерге семинарлар, дөңгелек стол сияқты отырыстар өткізілуі керек. Сонымен қатар кеңсе жабдықтарымен жаңартылуы сұралады.

Төраға:

- Егер қосымша сөйлеушілер, өз ой-пікірлерін білдіремін деушілер болмаса, қорытындылайық.

Отырыстың қорытындысы бойынша алдарыңыздағы ұсыныстар жобаларын бекітуді сұраймын.

Жоба бойынша ұсыныстарыңыз бар ма?

Кім қолдайды? Қарсы? Қалыс? Жоқ?

- Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып болды.

Қатысқандарыңызға рахмет.